**Қожаберген жырау Толыбайұлының туғанына 350 жыл толуын дайындау және өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 желтоқсандағы № 1678 Қаулысы

«Мерейтойлар мен атаулы күндерді мерекелеу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 28 қыркүйектегі № 1465 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Қожаберген жырау Толыбайұлының туғанына 350 жыл толуын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

2. «2012 – 2014 жылдары республикалық деңгейде өткізілетін мерейтойлар мен атаулы күндердің тізбесі туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 3-ө өкіміне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген өкіммен бекітілген 2012 – 2014 жылдары республикалық деңгейде өткізілетін мерейтойлар мен атаулы күндердің тізбесінде:

реттік нөмірі 9-жолдың 4-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«МАМ, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі»;

реттік нөмірі 10-жолдың 4-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«МАМ, БҒМ, барлық облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері»;

реттік нөмірі 11-жолдың 4-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«МАМ, Қарағанды облысының әкімі»;

реттік нөмірі 12-жолдың 4-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«МАМ, Павлодар облысының әкімі, Қазақстан Жазушылар одағы (келісім бойынша)»;

реттік нөмірі 13-жолдың 4-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«МАМ, Алматы, Қарағанды облыстарының, Астана, Алматы қалаларының әкімдері»;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 13-1-жолмен толықтырылсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 13-1 | Қожаберген жырау Толыбайұлының 350 жылдығы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | МАМ, БҒМ, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі | 2013 жыл |

»;

реттік нөмірі 14-жолдың 4-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«МАМ, СДШІА, Ақмола, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері»;

реттік нөмірі 15-жолдың 4-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«МАМ, БҒМ, Алматы қаласының әкімі»;

реттік нөмірі 16-жолдың 4-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«МАМ, БҒМ, Павлодар облысының әкімі, Қазақстан Жазушылар одағы (келісім бойынша)»;

реттік нөмірі 17-жолдың 4-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«МАМ, Қарағанды, Павлодар облыстарының, Астана, Алматы қалаларының әкімдері»;

реттік нөмірі 18-жолдың 4-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«МАМ, Алматы қаласының әкімі»;

реттік нөмірі 19-жолдың 4-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«МАМ, Қарағанды облысының әкімі, Қазақстан Жазушылар одағы (келісім бойынша)».

Ескертпеде: аббревиатуралардың толық жазылуы: мынадай редакцияда жазылсын:

«Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

МАМ – Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі

БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

СДШІА – Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі»

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі С. Ахметов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 1678 қаулысымен
бекітілген

## Қожаберген жырау Толыбайұлының туғанына 350 жыл толуын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары

| Р/с № | Іс-шаралар атауы | Жауапты орындаушылар | Орындалу мерзімі | Қаржыландыру көздері | Болжамды шығыстар (мың теңге) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Қожаберген жырау Толыбайұлының 350 жылдығына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференция өткізу | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі | 2013 жылғы І тоқсан | Талап етілмейді | - |
| 2 | Республикалық мәдениет ұйымдарында «Елім-ай» тақырыбындағы поэзия кешін өткізу | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі | 2013 жылғы І тоқсан | Талап етілмейді | - |
| 3 | Қожаберген жырау Толыбайұлының өмірі мен қызметі туралы «Қазақстан мұрағаттары» ақпараттық және | Қазақстан Республикасы Мәдениет және | | Талап етілмейді | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ғылыми-практикалық журналына мақала дайындау және жариялау | ақпарат министрлігі | 2013 жылғы I тоқсан | | |
| 4 | Қожаберген жырау Толыбайұлының 350 жылдығына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференция өткізу | Солтүстік Қазақстан облысының әкімі | 2013 жылғы III тоқсан | Жергілікті бюджет | 1000,0 |
| 5 | Қожаберген жырау Толыбайұлының мерейтойына арналған республикалық ақындар айтысын өткізу | Солтүстік Қазақстан облысының әкімі | 2013 жылғы III тоқсан | Жергілікті бюджет | 5000,0 |
| 6 | Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданында Қожаберген жырау Толыбайұлының 350 жылдығына арналған әдеби-музыкалық кеш өткізу | Солтүстік Қазақстан облысының әкімі | 2013 жылғы III тоқсан | Жергілікті бюджет | 3000,0 |
| 7 | Қожаберген жырау Толыбайұлының 350 жылдығына арналған ұлттық спорт ойындарын өткізу | Солтүстік Қазақстан облысының әкімі | 2013 жылғы III тоқсан | Жергілікті бюджет | 10 000,0 |
| 8 | Республикалық мәдениет ұйымдарында Қожаберген жырау Толыбайұлының мерейтойына арналған кітап көрмесін, дөңгелек үстел өткізу | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі | 2013 жылғы IV тоқсан | Талап етілмейді | - |
| 9 | Бұқаралық ақпарат құралдарында мерейтойлық іс-шараларды жария ету | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі | Жыл бойы | Талап етілмейді | - |
| | ЖИЫНЫ: | | | Жергілікті бюджет | 19 000,0 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК